

84(5Қаз-Мед)
ҚазТ
БЗІ

А Пав / ҚазТ

Сүлеймен Баязитов



ЖАСЫБАЙ БАТЫР

ББК 74.1

Б 31

Баязитов С.

Б 31 Жасыбай Батыр. – Павлодар, 2004. – 58 бет.

Ақынның бұл жинағына балаларға арналған өлеңдері, жұмбақтары, ертегілері, «Жасыбай батыр», «Берікұлаған», «Таңбалы тас үнгірі» атты аңыздары енгізілген.

Тілі жеңіл, балаларға ұғымды, бұл жинақ мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиеленушілерге, мұғалімдерге пайдалы дүние.


Назым Жасаушы,
сізге ақалық ақын,
рәсетке,
С.Бей

Б 4305000000
00(05) – 04

ISBN 9965-9474-0-6

© Баязитов С., 2004

521865.



0121

Павлодарская областная
Библиотека
г. Павлодар

Сәт сапар!

«Жасыбай батыр» атты жинағында С.Баязитовтың темірқазықтай ұстанған тақырыбы туған жерді түйсіну, ұғыну, сезіну. Туған жердің аялы алақанында өскен әрбір азаматтың көкірегін кернеген отаншылдық қасиетті жас ұрпаққа өнеге тұту. Осы тұрғыдан келгенде автор ұстанған бағыттан таныла білген.

Баянауыл өңірінің әр тасы кеудесіне сыр басып жатқан тарих куәгерлері іспетті. Сырын аша білген адам сол елдің өткен белестері жайында, арыс азаматтары жайында толғамды – талғамды әңгіме шертеді. Сол жердің тұмасы С.Баязитов та жас жеткіншек оқырмандарымен осындай сырлы әлемімен бөліседі.

Автордың қай шығармасынан да қаламының төселгенін, тақырыпты еркін игеретінін таныймыз. Ол бір өлкенің, бір тұлғалардың болмысын суреттей отырып жалпы отаншылдық қасиеттің өрістеуін ұғымды баяндаған.

Жалпы, бұл жинақ оқырмандарынан қолдау тауып, достарына айналатынына сенімдіміз.

Ғалымбек Жұматов
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

84(5Қаз-4Паб)Қаз

Б 31



Туған жер

521865





Ақбет

Шоқылар мен дөңдердін,
Арасында алып шын.
Сан ғасырды сен көрдін,
Сонда да бір қалыпың.

Күндіз көкшіл мұнардан,
Перде құрып тастадың.
Айбат шегіп түр алдан,
Қарағай мен тастарың.

Шыңына қыран қалықтар,
Құштарлық па екен өрлеткен.
Бауырыңда он сан халық бар,
Ырысын тапқан еңбекпен.

Сабындыкөл

Көйлегімді алдым шайып,
Сабындынын суына мен.
Суы неткен таңғажайып,
Сабынсыз-ақ жуына бер.

Осы арада әйел біткен,
Кір жуады ертелі-кеш.
Қармақ салған суға үмітпен,
Балықшының еңбегі еш.





Болған емес «алтын» балық
Қармағына ілінетін.
Жағажайда жүр демалып,
Қаныш аға інілері.

Бәлкім олар сабын сырын,
Ертелі-кеш ашары анық,
Зерттеушісі Сабындының,
Ашса, міне, сол жаңалық.

Елден-елге тарары анық,
Толқып әуе толқынында.
Асыр сап жүр бал балалық,
Сабындыкөл жағасында.

Қарақуыс

Өзге аймақтан көп бұрын
Көктем мұнда жетеді.
Қыр – дөңдердің шоқтығын
Гүлге бөлеп кетеді.

Жазы, күзі жауынды,
Ал қысы ма, қысы ма?!
Ызғырықты дауылды.
Әйтседе, шын ұшында
Көрген емес қар жатып.
Жері қыста қап-қара,
Аламыз ба қар сатып,
Соғу үшін ақ қала.





Қаныш Сәтбаев

«Ақ келіннің» басынан,
Ғалым жолы басталған.
Қиял қуып жасынан,
Сыр аңғарған тастардан.

Асқар шыңдар ғалымның,
Ой-қиялын ұштаған,
Дамытып дүние танымын,
Жас жүрегі құшты арман.

Сол арманның жемісін,
Елім бүгін жинаған.
Жезқазғанның кенішін,
Ғалым бізге силаған.

✓ Павлодар

Темір тұлпар өсірген,
Қыр төсінде қала бар.
Көрсен кетпес есіңнен,
Үлкен қала, балалар.

Мөлдір мұнай бастауы,
Ақса толқып құбырмен.
Тіліп қонған аспанды,
Алып лайнер жүгімен.





Өнірінде – ырысты,
Астықты алқап көп оның.
Әне, дихан, жұмысшы,
Және шопан көгенің,
Қолда берік ұстаған.

Күні өткен ескі – құсқыны,
Келіспейтін ұсқыны.
Мәңгіге сырып тастаған,
Құрлысы ғажайып,
Тыңнан сала бастаған.

Павлодар – көзі көненің,
Павлодар – жастық жанары.
Өзінде өсіп - өнемін,
Азамат болып саналы.

✓ Көмірден тау тұрғызған

Ротордың шанағы,
Көмірді тынбай шабады.
Суша саулап қара алтын,
Эшелонға ағады.

Сәтіңізде қас – қағым,
Аршып жыныс тастарын.
Көмірден тау тұрғызған,
Менің замандастарым.





Екібастұз қаласын,
Мекен еткен мәңгілік.
Сан ұлттардың баласы,
Алуан тіл, сан ғұрып.

Тапқан мұнда жарастық,
Бауырласып, ұғысқан.
Көрінеді қала ыстық,
Тұрғындары туысқан.





Аңыздар, ертегілер





Ақынның анасы Шалзтай Бәженейқызы,
немерелерімен.

Ақ әжелер...

Мыйығынан күліп алып,
-Тында, балам құлақ салып,-
Деп бастайтын ертегіні.
Бүгінгі мен бұрынғыны,
Сөз етуден жалықпайтын,
Ақ әжелер бар ғой алтын.
Құрмет тұтқан кәрі, жасы.

Ертегі мен аңыз біткен,
Халықтың ол қазынасы.



Мыстан кемпір (ертегі)



...Айла жасап ауық-ауық,
Қырған жұрттың ебін тауып.
Мыстан кемпір бұға айналып,
Жердің жүзін жүрді айналып.

Қалжырады әбден талып,
Алмақ болып аз демалып,
Қонды мыстан келіп жерге,
-Ұрықсатсыз шықтың төрге.
Мыстан кемпір сасық кеуде.
Деген жерден үн естілді.

-Қанмен шайып өңешімді.
Алайын бір мен есінді,
Жон арқанды жонып жейін,
-Деді мыстан өңін бұзып,
Осы сәтте болды қызық.

Жердің жүзін түнек басып,
Көл шайқалды, өзен тасып.
Жан-жануар улап-шулап,
Асқар таулар аттай тулап.
Күрек тісі сарт-сұрт етіп,
Қаны қашып, өңі кетіп,
Қалды бірден естен танып,
Кетті сон-соң лаулап жанып.
Қалды күлі Баянтауда,
Мыстан кемпір тасқа айналып.





Содан бері мыстан кемпір,
Адал жаңға дұшпан кемпір.
Баян жерін қоныс еткен,
Жолаушылар өткен-кеткен,
Осы дейді мыстан кемпір,
Жер-Анаға тілі тиіп,
Мәңгілікке тартқан күйік.

Жасыбай батыр (аңыз)

Өтседе ғасыр сандаған,
Жарқырап бағы жанбаған.
Даланын байтақ төсінде,
Ел үшін келіп шешімге.

Ақ сүтін ақтап ананың,
Қамы үшін қарттың, баланың.
Шашақты найза қолға алып,
Сұр жебені толғаған.

Ойнаған көкте жасындай,
Өтіпті батыр – Жасыбай.
Бірде, бірде сол батыр,
Күш қайраты мол батыр,
Тосыннан тиіп жеріне,
Бүлік салған еліне,
Жоңғарға қарсы аттанған.








Еміреніп ел-жұрты,
Ерлігіне шаттанған,
Соңынан еріп ерінің,
Азаттығы үшін жерінің,
Айдынды шалқар көлінің
Жауына өрттей тиіпті.
Талай ерлер сүйікті,
Ел үшін жанын қиыпты,

Еңбегі жанып ерлердің,
Тазартып жаудан жерлерін,
Соққан-ды жеңіс сағаты.
Таусылған ел тағаты,
Бейбіт күнде береке,
Жасапты үлкен мереке.

Ай астында жамбы атып,
Оғын алыс самғатып,
Шырқапты әнін ерліктің.
Небір алып күрескен,
Құрбы-құрдас бір өскен,
Той тарқарда қолқалап,
Батырды көлге бастаған.

Жер қозғалса саспаған,
Жанға сырын ашпаған,
Жау батыры тасалап,
Торып жүрген баспалап.
Жасыбайды таныды,
Бір дегеннен алыстан.
Жекепе-жек сан алысқан.






Жасыбай тауып қапысын,
Тартып алып сапысын
Кеудеден ырғай салған-ды,
Өлмей аман қалған-ды.

Содан да жауы кекті еді,
Қашты, қолы кетпеді.
-Жасыбайды өлтірем,
Өлсем тағдыр жеткені.
Деген оймен қалған-ды.

Үміті сан алданды.
Қысқа күнде күйзеліп,
Тілдеді тағдыр-жалғанды.

Тілдер еді тәңірін,
Әйтсе де жүрек әмірін,
Бұзуға дәті бармаған.
Үміттің талын қармаған,
Табанды ердің бірі еді,
Болардай қабыл тілегі,
Атқактай соқты жүрегі...

Қара тасты қалқалап,
Жасыбайды ортаға ап,
Тұрған жұрттың қол созым,
Анық естіп әр сөзін,
Алды бір сәт тыныстап.
Қорамсаққа қол салып,
Көз бұлдырап, қар талып,
Шірей бір тартқан жебені...





Шойын көлдің толқыны,
Азынап, ұлып сол күні.
Тия алмай жатты өксігін,
Дұшпанының көзіне
Ұялатқан көк шыбын.
Жасыбай батыр жаралы,
Төңірегін тінте қарады.
Ашылып ажал араны.
Өлі құрып, амалы,
Таусылғанын сезінген.

-Жастығымды алып өзіммен
Өлуге Алла жаза көр.
Елім үшін төктім қан,
Елім үшін төктім тер.
Асылық айтсам кеше гөр.
Дей тұрып батыр қиырға
Қимастықпен көз салған.
Опасыз өмір, о жалған...

Кенет көзі түсті оның,
Әлдекімге тырбанған.
Шықпақ болып қияға,
Тұрғанда жаны ұяда.
-Садағым, - деді ол сыбырлап,
Кірпігі әрең қыбырлап.
Әлдекімге сүйеніп,
Қас дұшпанын көздеген.
Жетерін ажал сезбеген.
Мақсатыма жеттім көздеген,
Деп лепірген неменің,





Жасыбай тартқан жебенің,
Жасындай жанын қиғанын.
Үйіргенін иманын,
Аңыз еткен бабалар,
Ақ сақалды даналар.

Елінді жаудан қорғаған,
Есімі аңыз болған ән.
Батырлар жайын толғаған,
Қарт жырау сөзін жалғаған,
Жасақты жауды қашырған,
Ерлігін елден асырған,
Халықтың болып қорғаны,
Дұшпанды жойған ордалы.
Жасыбай елдің ұлы еді,
Еліне бақыт тіледі...

«Жасыбай» көл боп тербеліп,
Толқыған алып жүрегі.
Ғасырлар бойы сандаған,
Соғудан әсте танбаған.

Ерлігін ердің жыр етіп,
Ән-күйін елі арнаған.
«Жасыбай» шыңның басына,
Сыр шертіп көкте жасынға
Ой салып өрен-асылға,
Тұра бермек мәңгілік,
Жасыбай аты жаңғырып,
Ұрпаққа ұрпақ жалғасқан,
Ерлігін айтар ән қылып.





Таңбалы тас үңгір

... Жаз айында жасыл қыр,
Гүлден алқа тағынған.
Тас үңгірге асып қыр,
Жан-жақтан жұрт ағылған.

Келдік біз де ілесіп,
Үңірейген үңгір тұр алда.
Жұртпен иін тіресіп,
-Өжет болсаң жүр алға,
тек соныңнан ерем мен,
Дедім,-дағы Серікті,
Алға бірден түсірдім.

Өн бойымнан тер шықты,
Үнін естіп тысырдың,
Серік, сірә, сасқан ба,
Жағып алып май шамын
Алға қадам басқанда
Көрдім малдың қаңқасын.
Әлгі тысыр ұлғайып,
Жүрген сайын ілгері,
Бұл үңгірді ғажайып,
Көзбен көріп, білгелі,
Келген едім құлшынып,
Енді зәрем ұшулы.

«Құл дәуірі» деп қойып,
Серік жарық түсірді.
Қабырғаға ойылған,
Суреттер көп қаптаған.







Кетпес, сірә, ойымнан.
Арыстанды таптаған
Батыр жігіт еңселі,
Қамшы үйірген жалшыға,
Жуан көпес мен сені,
Жек көремін қалайда.
-Қан ішерсің дер едім,
Қаймыкпастан көзіңе...
Бірі-ау мынау төренін,
Асқақ екен өзі де.
Қолын сермеп тұр зекіп,
Жалшысына қой баққан...

Ана бесік тербетіп,
Бал бөбегін ойнатқан.
Тамашалап, таң қалып,
Суреттерге үңілдім.
Қояды Серік паңданып,
«Сыры көп», -деп үңгірдің.

Көрдік сон-соң қазанды,
Құпияның бастысы,
Асын тосып азанғы,
Отырғандай тас кісі.

Қазаннан сәл жырақта,
Жайғасыпты жайлана,
Ыдысы жоқ бірақ та,
Қарап едім айнала.





-Тас қазанға телміріп,
Кірпік ілмей күн мен түн.
Мешкей дейді ел біліп.
Қоймайды бұл мұнысын,
Деген,-Серік нығытып,
Тажал тасты нұсқады.

Әңгімені ағытып,
Болған мұнда құс бағы.
Құртқан дейді құс бағын,
Осы тажал кезінде.
Жан-жануар дұшпаны,
Қарғыс атып өзін де,
Қатып қапты тас болып.
Қатып қапты мөңгілік,

Жан-жануарға қас қылып,
Отыр енді мөңгіріп.
Құртпаса ғой құс бағын,
Қырмаса ғой аңдарды,
Қызықтап, қонып ұшқанын,
Қорғар ек қой жан салып,
Құс пен аңды ерінбей.
Ел таң қалған тамсанып.
Ертегінің еліндей.
Үңгір мынау ғажайып,
Мұнын шағып тұр бізге.





-Құрыса құс, аң азайып,
Бекер тірі жүрміз де.
Аңға, құсқа тигізбе,
-Деп, - тұрғандай жар салып,
-Деп тұрғандай тас үңгір.
Күн сәулесін қарсы алып,

Жатыр алда жасыл қыр,
Жасыл қырда тіршілік,
Тас үңгірде қараңғы,
Кетті денем түршігіл.

Тажалдардың араны,
Ашылса, егер, жұта ма,
Жануарлар әлемін...
Қонған бұлбұл бұтаға,

Созды әсем әуенін.
Сол әуеннен сенімнің,
Шаттық лебі ескендей.
Елім үшін сескенбей,
Елім үшін мақтанам.
Табиғатты кастерлеп,
Мәпелеген, сақтаған.

Көлде қулар қаңқылдап,
Арқар, елік қырымда.
Шында қыран саңқылдап.
Сән-салтанат құруда.





-Табиғаттың байлығы
Сүті тектес ананың,
Адамзаттың Ай-Күні
Сол байлықты сақтаған,
Ана сүтін ақтаған.
Өрт салмаған орманға,
Аққуларды атпаған,
Біздер баба ұрпағы.

Көзін ашқан түнбаның
Аялап шілік, шыршаны.
Табиғатты-Ананды,
Қамқорынды - пананды,
Қорға, қорға тынбағын.
Жұдырықтай тасымен
Күнді сүйген шыңдарын...
Қорға, қорға тынбағын.

«Бөрікұлаған»

I

Жаудан елін қорғаған,
Есіл ердің бірі еді.
Елдің жайын ойлаған,
Жұдырықтай жүрегі.

Сүйді байтақ даланы,
Сүйді елін көшпелі.
Санлақ ұлдың саналы,
Ел үшін өмір кешкені.
Әйгілі еді Алашқа,





Ағайынға мақтаныш.
Бәрі өтпелі - таласпа,
Өткен іске шақта алыс.


Жетті ақыры көрілік,
Кеміді күш-қуаты.
Тынысы кейде тарылып,
Аңсайды кезін қуатты.
Қайран жастық шақтағы.
Қайрат қайтып келер ме?
Онда ақырған ақпанды,
Бәрі батыр елер ме.
Өне бойы қалтырап,
Бүгілмейді бел неге.
Бәйек болар хал сұрап,
Көрінбейді ел неге.

2

Қырдын қысы созылды ұзақ,
Соқты ақ боран апта, айлап.
Жұрттың дені жұтқа ұшырап,
Санын соғып, қалды ойбайлап.

Сарыарқаны жапты түнек,
Тажал ажал жалақтаған.
Ашыққан жұрт қайыр тілеп,
Алаң көңіл алақтаған.
Жұтты аштық көрі, жасты.
Шаңырақ жоқ шайқалмаған.
Көтерді ақыр батыр басын,
Еш бір жаудан тайсалмаған.





... Ат қорадан жеткен талып,
Кісінеген аттың үні,
Тұрды толқып құлақ салып,
«Айқабак» қой танып мұны.
Жатқаны ғой мұңын шағып,
Қарт жүрегі толқып қатты,
-Ойпыр-ау, мен тұрмын неғып.
Жануар -ай, жануар -ай,
Деп бір сәтте кемсен қақты.

«Айқабак» еді құс қанаты,
Бәйге алатын топты жарып.
Баянтауда жер жаннаты,
Мұндай жүйрік жоғы анық.
Олжа салған ағайынға,





Жүйрік мынау арып біткен.
Қол салғанда сағағына,
Еміренді иесіне.
Иіскелеп көзін ашып,
Бала тектес еркелеген.
-Ажал сірә, емес қашық.
Бүгін, бәлкім ертең өлем.
Деп тұрғандай мұңын шағып,

Аштан өлу – азап неткен.
Қос жанары сағымданып,
Осы ма деп жерім жеткен.
Күйзелгендей күніреніп,
Тырнағында шарасыздық.
Үміт оты барад сөніп,
Көнбей жүрек аласұрып.
Бастағандай көзсіз іске...
Атты өледі-ау, о жалған.
Өңі түгіл кірмес түске,
Маздап ерлік оты алдан.

Кенет оның түсті есіне,
Шыңға салған қоян жымы.
Ан аулаған қыр төсінде,
Көрген оны сонау жылы.
Соған жетсе, алса шөбін,
Етсе аз күн аты талшық.
Көрер өлмей көктем көгін...





Кеудесінде шаттық шалқып,
Сеніменен алға аттады,
Жалғыз басын мыңға балай,
Ауыл артта алшақтады,
Шыңға жетті, шықпақ қалай?

3

Боран тіпті кетгі үдеп,
Аласұрып, ішін тартып.
Бой таласа кеңістікпен,
Тұрды алдында асқак жар тік.

Маң дала да мандай тіреп,
Қонған қарсы екі жарды.
Көрген сәтте шошыр жүрек,
Елестеткен қанжарларды.
Қыннан алып тік шанышқан,
Сертген таймас ерлер тегі.
Дей көрменіз бұл таныс ән,
Жетіп жатыр елде ертегі.

Осы шыңның басына өрлеп,
Барад батыр жаннан безген.
Дөңгеленді кенет жер-көк,
Тағдырындай еңсені езген...

Ұшты батыр шың басынан,
Құтырды жел тартып ішін.
Сол батырдың ұқ жас ұлан,
Өзек өртер өкінішін.
-Зар заманның құрбанымын,





Күні көкке өрлемеген.
Жанын жеген қырдағы мұң,
Осы мұңмен көрге де енем.
Қарғыс айтып заманыма,
Құлша матап, күнше ұстаған...

Өршіл өмір жаңаруда,
Жылдан-жылға жайнап далам.
Ғарышта, өне, еркін жүзіп,
Ғарышкер ағалар жүр,
Күз келгенде қырман қызып,
Теңіз тектес толқиды қыр.

Шалқып, толқып, шаттанамыз,
Туған елдің табысына.
Тәуелсіз ел, шат даламыз,
Өмір-өзен ағысында.
Жайнап, гүлдеп сала бермек,
Көз қуантып сағат сайын.
Ақсақалдар еткен ермек,
Аңыз етіп Бөрі жайын.
Дейді рахмет заманына,
Еркіндікке не жетеді.
«Бөрі» шыңның аңғарында,
Шат дәуірдің желі еседі...



Содыр шал, Алшын, Көк бөрі (ертегі)



1

Болған дейді ертеде,
Әсем қала ғажайып.
Кенет қала өрттеніп,
Халқы кетті азайып.

Батырлары найза ұстар,
Шегірткедей шетінеп.
Мұңын шағып байғұстар,
-Жетімбіз, - депті еңіреп
Жетім қашан жетілмек?!

Тыйылмапты көз жасы,
Еңкілдесе еңіреп.
Елге сыймай өз басы,
Сілтідей тұнған төңірек.

Содыр сонда есінеп,
Ашқан болып ұйқысын.
- Қонды бақыт кешірек,
Шығарып ұйқы-тұйқысын.

«Жетім елді» жеткізем,
Желкелеумен желкеден.
Тіл табысып отқызбен
Қаланы мен өртегем.





Терем еңбек жемісін,
Жұрттың көлдей жасынан...
Көріп жауыз жеңісін,
Дариядай тасыған.

2

Алды тартып мекенін,
Алды тартып ырысын.
-Азаттықтың не екенін,
Жаңа ұқтық құрысын.

Деп шуласып, ел біткен,
Ауық-ауық күрсінген.
-Қалдық-ау деп елдіктен
Жауға жерін бермеген.
Дұшпан тисе өрлеген,
Жеңбей тыным көрмеген.
Өрт мінезді ерлердін,
Болғаны әлде жалған ба,
Ие болған жерге кім,
Ие болған елге кім?
Мына жалпақ жалғанға.

Ауыр ойдан қалжырап,
Санға бөліп санасын,
Жүрген көптен сәл жырақ,
Жалпақ елдің панасы,
Болар елдің данасы.
Танымады жұрт әттең,
Ел қорғаны-баласын.





Танымаса айыппа
Өрт шалғалы даласын,
Түнөп ескі қайықта,
Балық аулап күнелткен,
Көрі кемпір, жас бала,
Бой тасалап түнектен,
Сыр шашпастан басқаға,
Жамап-жасқап киімін,
Аш, жалаңаш кешті өмір.

Ішке сақтап күйігін,
Үһі-лер еді Содырға,
Нәлеттерін жолдаған,
Тап болыпты сол қырға,
Күшік аты-Көк бөрі.

Көзін ашып туғалы,
Жарымаған тамаққа.
Кімдер оны кумады,
Қарар кім бар қабакқа.

Әлдекімнің тепкісі,
Қабырғасын күйреткен.
Төрт аяғын сүйреткен,
Сол күшікті көргенде,
Сырт айналды көп кісі.

3

Жаттты күшік әлсіреп,
Көленкеде күн ысып,
Аяп кетті Алшынбек,
Тамақ берді бірде ыстық.





Жарып тамақ ішпеген,
Сорлы күшік, сол күшік.
Өлі жүні түспеген,
Орынынан тұрды ұшып.

Асыр салып қынсылап,
Жалап қолын еркелеп.
-Досың болам мен шырақ,
Деп тұрғандай «ерте кет».

4

Күндер өтті, ай өтті.
Бір-біріне жалғасып.
Жатты уақыт алмасып.
Жауды жаңбыр, жауды қар.
Бұлт кезеді қыр төсін.

Содыр барда аз ба ызғар,
Жиялмады жұрт есін.
Бірде Содыр ел жиып,
Берді бұйрық акырып.
-Жатпақ па аю тымпиып,
Ап келіндер шақырып,
Берсін сәлем еркімен,
Бермеді ме іс басқа.
Шығып онда сертімнен,
Құртам шындап ұстасса.

-Аю ырық бере ме,
Бес кез дейтін тырнағы,
Шақырды деп келе ме,
Содекене қырдағы.





-Тәтті ұйқымды бұздың деп,
Аю ашу шақырып.
Қырса қырда құзғын жеп,
Құрыдық қой ақыры.

Таусылған амал-ақылы,
Айтуға жетпей батылы.
Қабағын түйіп тіксініп,
Ақырды Содыр қышқырып,
Семсерін сермеп тықсырып,
Көрер күнін мұң қылды.
Шапқандай бейне жыңғылды.
Талайды турап тастады,
Домалаған доптай бастарды,
Көрген жұрт шошып жасқанды,
Шыдамай мына қорлыққа.

Күңкілdestі өз ара,
Жиылған жұрт қысылып.
Алған тойып бозаға,
Содыр басын ұшырып.

Жібергенде топ жанның,
Қалғандары сескенген.
Ертіп итін Көк бөрі
Осы топқа кеш келген.

Алшынбектің өн бойын,
Ашу қатты биледі.
-Мен мұныға көнбеймін,
Жауыздықты тый,-деді.





Содыр алып қылышын,
Алшынбекке сермеген.
Енді туды ұлы сын,
Тірі пенде көрмеген.

Кетті қылыш сәл тайып,
Жанай тиіп жаралап.
Соғысты ерлер қасқайып,
Енді неге қарамақ.

Алшынбекті Содыр ку.
Дөңгелетті үйіріп,
Жиналған жұрт болды у-шу,
Пірлеріне сыйынып.

Көмек болар пірлерден,
Деп сеніммен тұрды жұрт.
Көкжал бөрі кірді енді,
Көп ішіне етіп жылт.

Көкжал бөрі, Көк бөрі.
Мақұлық еді тым есті.
Содырменен жоқ теңі,
Есеппенен тіресті.

Сикыр шалды Көк бөрі,
Айламенен алмақшы.
Перісіне көктегі
Еді хабар салмақшы.





Тулағына тіл қатып,
Жүр тек жағын аша алмай.
Кеңірдегі қылқынып,
Қалды айғайға баса алмай.

Есін жиып Алшын да,
Кірді қайта айқасқа.
Тісін қадап алқымға,
Жүрген көкжал байқастап.
Көзі шалып тулақты.
Тастай салып шалды енді.
Тасып бойда қуаты,
Тулаққа ауыз салды енді.
Жұрт жабылып турады,
Шал мен кемпір балада.

Туралғанда тулағы,
Содырдан күш саркылды.
Көкте жасын зулады,
Зәрені алар жаркылы.

Қара түтін бұрқ етіп,
Тұман түнек сейілді.
Содыр сойқан сылқ етті,
Түннен кара пейілі.

Қаяр қарттың есінен
Танғанын ел біледі.
Іздегендер өшіне ем,
-Жарамын деп тепсініп,
Жұлқыныпты жүгіріп.





-Сөз тыңдасаң көпшілік,
Жұрт алдына жүгініп.
Айырып ақ пен қарасын,
Сотқа мұны тарталық,
Деген Алшын баласын,
Құптады жұрт қарсы алып.

Халық соттап залымды,
Шығарды әділ үкімді...
Шалқып жастық жалыны,
Күткен Алшын бұл күнді.

Көп зарығып ел күткен,
Күдікпенен, сеніммен.
Қалдық па деп елдіктен,
-Не көрсемде еліммен,
Деген ерің Алшының,
Ел сенімін ақтаған,
Бейбіт өмір, бал шырын,
Дәмін көптен татпаған.

Құтылып ел түнектен.
Еңбекпенен күні өткен,
Бақ кетпепті бұл елден.





Балаларға базарлық





Күз

Қоңырау боп сылдырап,
Алақай-ай, күз жетті.
Қурап түскен гүл құрақ,
Әсем жазды іздетті.

Жабырқасақ жазды ойлап,
Сәнді екен-ау сары күз,
Оқу оқып, доп ойнап,
Мәз боп жүрміз бәріміз.

Тек тырналар тізбегі,
Төбемізден өткенде,
Қимай қалдық біз де оны,
Оралар деп көктемде.

Шың басында

Шыңға шықтық бірде біз,
Қия бетке өрмелеп.
Қалай білмей жүргенбіз,
Алыс екен жерге көк.

Ал шынға ма, тым жуық,
Қол созым-ақ жер екен.
Сала берді күн суып,
Бізғар соқты ересен.





Атам бұған қуанды

Самаладай шам жанып,
Кеш үйірілді қырманға.
Күзетші атам танданып;
-Ешкі кепті-ау бұл маңға,
Тез қуып шық, тез! – деді.
Іздеп кеттім мен де іле,
Бір топ екен өздері,
Мені алыстан көрді де,
Үрпиісіп, сескенип,
Жүре берді жылыстап.

Жүрген жерге ешкі еніп,
Атамды мен дыбыстап
Шақырып ап, кеңесіп,
Бүтіндедік дуалды.
Жәрдем еттім мен өстіп,
Атам бұған қуанды.

Атаңды әттең, көрмедін Мұратбек Оразбекұлына

Жалғайтын ертең ғасыр мен ғасыр арасын,
Періштем менің қап-қара құйттай нағашым.
Қазақ ем сенсең өппеген туған баласын,
Сәт санап мені сен жаным баурап барасың.

Сен жаным мені баурадың тәтті қылықпен,
Ертегіңді сенің тындадым құлақ түріп мен.
Жұмбағыңды кейде шеше алмай қатты қиналдым,
Шешуін өзің айтқан ең маған күліп сен.





Сонан соң Абай туралы сұрап зерделім,
Жиеніңнің жанын әсем бір оймен тербедім.
Аталы сөздің қаймағын қалқыр едің –ау,
Кешірек туып, атанды әттең, көрмедім.

Жалғайтын ертең ғасыр мен ғасыр арасын,
Періштем менің қап-қара күйттай нағашым.
Қазақ ем сенсең өппеген туған баласын,
Сәт санап мені сен жаным баурап барасың.

Үндемедім тырс етіп

Қоңыр кештің самалы
Әлдейлейді қыр төсін.
Аңсап жеттім даланы,
Шопан атам күркесін.

Бұл күркеде сан жатып,
Қой күзеткем атаммен.
Күн шыққанда таң атып,
Қор-қор етіп жатам мен.

Күледі атам мәз болып:
-Күзетшіге жарыдым!
-Үйге жатпай жаз бойы,
Шаршадың-ау, жарығым! –
Деген әжем сөзіне,
Қояды атам мырс етіп,
Аян бәрі өзіме,
Үндемеймін тырс етіп.





Қара тай

Тұяғынан шаң ұшып,
Енесімен жарысып,
Күлдір-күлдір кісінеп,
Құлындарға кішірек
Өз өнерін үйретіп,
Қара тайым жүр менің,
Қыл шылбырын сүйретіп.

Жел

Шалғайымнан жұла қашып,
Асыр салып ойнайды жел.
Белді басып, қырдан асып,
Уілдеуін қоймайды жел.

Тыйымы жоқ тентек екен,
Оны қалай еркелетем.

Сөйлемдер бұл сұраулы

-Құрау-құрау, құраулап,
Құлынды сен бе шақырған?
Тырау, тырау, тыраулап,
Тырна ма ұшқан тақырдан?
-Сөйлемдер бұл сұраулы,
Жауабың дұрыс, Нүрәлі.
Сондықтан сөйлем соңында,
Сұрау белгісі түр әні.





Көкейінде сақтап өс

Сан дыбыстан кұралған,
Әріптерді киелі.
Мың кұбылып, бұралған,
Сөз , сөйлемді жүйелі,
Жастайыңнан жаттап өс,
Көкейінде сақтап өс.

Тыныс белгілері

Тиянақтап ойыңды,
Жазсаң нүкте қоюды,
Ұмытпа,
Хабарлы сөйлем сонына
Леп белгісін жуытпа.

Бізге ғана тән дыбыстар

«Ә»

Әсем,-десең әлденеге таң қалып,
Әже,-десең туыстығын аңғарып.
Сөз басында «ә» тұрады әманда,
«Тән дыбыс» бұл
Қазақ халқы аманда.
Бізден сонда.
Жетер талай заманға.





«Ғ»

Ғарыш, ғашық сөздерінің,
Мағынасы тым терең.

«Ғарыш» десе көздеріңнен
Алаулаған от көрем.

«Ғ»- дыбысы «тән» мұрасы,
Мына жалпақ жұртыңның,
Сарқылмайтын мол мұрасы,
Нақышты тіл – ұлтыңның.

«Қ»

Қазақ деген ұлттың аты
«Қ» әріпінен басталған.
Осы дыбыс құрметке лайық,
Құдай,-десең Исләмдік бастаудан.

«Ң»

Қыстың соңы ұзанқырап,
Деп жаздым да, сәл ойландым.

«Ң» әріпі тапқан тұрақ,
Буындарға ден қойғанмын.
Таң десең де, маң десең де,
Алаң көңіл, паң десең де.
Анаңның да, балаңның да,
Даңқы шыққан бабаңның да.
«Ң» дыбысы «көркін» ашқан,
Бар ма кезің бұл дыбыспен,
Сөз басында ұшырасқан.

«І»

-Тәуелсіз ел қадам басты ілгері,
Жылдан жылға тасып-асып ырысы.
-Келіп едім осы жайлы білгелі,
Кең екен-ау еліміздің тынысы.





Деп қуанды,
Әжен сенің Нұралы.
Сөз басында, сөз соңында, ортада.
Төл дыбысын «і» дыбысы тұр әне.
Дыбыс тілдің тозбайтұғын құралы.

«Ұ»

Ұлылардың ұлысы еді Ұлықбек,
Ұмытылмас ұрпағына ұлағат.
Тастап кеткен бұл кісі, -
Деп жазғанда бірінғай «ұ» дыбысы,
Сөйлеміңнің өрісі де, тынысы.

Болғандығын байқадың ба жарығым...
«Тән дыбыста» ата-бабаң бар үні.
«Тән дыбысты» өзге ұлттар мойындап,
«Тән дыбыспен» шықты ұлтыңның дара үні.

Септеу

Атау

Қол добынан жүлде үшін таласар,
Үміткерлер арасында Жарас бар.

Ілік

Шаршы алаңға шыққанында Жарастың,
Шеберлігін, батылдығын жараттым.

Барыс

Соққан добы алдырмастан әрі асса,
Жанкүйерлер дән риза Жарасқа.





Табыс

Ойныменен көзге түскен Жарасты,
Құрамалар шақырысып, таласты.

Жатыс

Шеберлігін шындай түсті Жараста,
Таныды елі, таныды оны Алаш та.

Шығыс

Бапкерлері үміт күтіп Жарастан,
Әр жарысқа бәйге атындай жаратқан.

Көмектес

Бірге оқып, бірге ойнайтын Жараспен,
Жаттығуға ерінетін балалар да бар,
әттең!...

Суалмасын қайнары

Әлемдегі елдердің,
Тілдері үшке бөлінген.
(Біле де бермес көрінген)
Соның бірі-түбіршек,
Қытай, жапон төрінен,
Бұлақтай саулап төгілген.

Өз атауын ақтаған,
Түркі қалпын сақтаған.
Осы көне тілменен,
Сан жаңалық ашты адам.






Түрік, финнің тілдерін,
Артық та болмас білгенің,
Жалғамалы тіл дедік,
Жалғамалы тілменен
Қазақ сөзі гүлденіп,
Мың құлшырып, түрленіп,
Өркенінің өскенін,
Жандырғанын, өшкенін.
Жан жүрекпен түсінгін,

Өткенің мен бүгінгің.
Сөз соңына жалғанған,
Жалғаулармен ашылған,
Сол сөздерден ой өрбіп,
Жырдан шашу шашылған.
Сыр шертер сан ғасырдан,
Жалғамалы тіліңнің,
Бастау көзі білімнің,
Ұлылығын ұғынғын.
Орыс, араб тілдері,
Қопармалы тіл екен,
Сөз түбірін қопарып,
Өзгертумен жүр екен...

Бізден өткір,
Айбалтадан айбарлы.
Күңгірт тартпас көне дүние куәсі,
Жаз күніндей жайдары.
Тарқамаған, тарқамайды майданы.
Сан сылынған сол "майданда" қаймағы.





Кемімеген, кемелденген айбары,
Тіл тіршілік – Байрағы.
Өршіл үні ғасырларды тербеткен,
Сол тілдердің суалмасын қайнары.

Айналды шын досыма

Әңгіме де осында,
Ертегі де осында.
Аз уақытта Әліппе,
Айналды шын досыма.

Өлеңдерін жаттадым,
Жұмбағын есте сақтадым.
Ашты сөйтіп Әліппе,
Маған білім қақпағын.

Сөз табы

1
Кім?, не? Деген сұрақты,
Қоятұғын тұрақты,
Бұл қай есім (Зат есім)

2
Анықтайтын сапаны,
Қызыл, көк деп, қара деп.
Анықтайтын қатысты,
Ол өнерлі бала деп,
Сауалы бар қандай?, қай?
Бұл қай есім, балақай. (Сын есім)



3

Бір, екі, үш деп тізбелеп,
Аялдадық жүзге кеп,
Кейде мыңнан аса деп,
Тұратұғын түгендеп,
Білдіретін ретті,
Білдіретін көлемді,
Есімді ата сен енді **(Сан есім)**

4

Жіктеп, сілтеп сұрау салар,
(үш есімнің орнын алар),
«Өзім» дейтін өктемдігі,
Жалпылауы және де бар.
Септіктері жетеу тіптен,
Шектелмеген мүмкіндіктен
Екі ап қалма ... **(Есімдіктен)**

5

Кеттін, келдің, жүгірдің
Иілдің де бүгілдің.
Сәл нәрсеге қуанып,
Сәл нәрседен түңілдің.
Әпсәтте мың құбылдың,
Жымиясың сен тағы,
Суарам деп бакшаны
Сұрағым кеп тұрғаны,
Осы қандай сөз табы? **(Етістік)**





6

Түрлендірем деп оны,
Босқа әуре болмағын.
Етістікпен бірлесіп,
Білдірер ой толғамын.
Сөйлемдегі сын – сапа,
Іс әрекет қимылдың,
Қайтып, қалай болғанын,
Іс әрекет мекенін,
Жеткізетін жетеңе,
Үстеу көптік ете ме?

7

Қуанасың бала үшін,
Сол баланың қамы үшін.
Жаны пида ана үшін.
Десекте осы үшіннің,
Мағынасын түсінгім.

Келіп олай талдадым,
Келіп бұлай талдадым.
Бірте-бірте оның мен,
Сөзбен сөзді жалғайтын,
Мүше бола алмайтын,
Екенін шылау аңғардым.

Кемдік емес мұнысы,
Кеңітіп тіл тынысын.
Кейін, мен, пен, шейіні,
Сияқты, мен дейіні.
Сөзді сөзге жалғаған,





Қызметін құп алғын,
Бағы ашылып шылаудың,
Көп сөздермен тіркесіп,
Тіл теңізін жүр кешіп.

8

-Тәйт әрі, тек, - деп жекіріп,
-Өттең-ай, - деп өкініп.
-Сақтай гөр, - деп сиынып,
-О, пәлі, - деп сүйініп,
-Қарғыс айтар күйініп.
Одағай ғой, одағай,
Одағай көңіл айнасы,
Одағайдың адамға,
Бар бірталай пайдасы.

9

Елгезек сөз бұл өзі,
Сәл қызықтау «мінезі»,
«Тарс-гүрс», «Қарш-күрш»,
Іс қимылды білдірер,
«Шыр-шыры» мен шошытып,
«Пыр-пыры» мен күлдірер.
«Жалт-жұлт етті...», «ман басты»,
«Қалт-күлтқа», «шаң-шұн» жалғасты.
«Шыр-шыр», «пыр-пыр» еліктеу,
«Жалт-жұлт», «қалт-күлт» бейнелеу,
Бірімен бірін балақай,
Шатыстырып алмашы,
Әр қайсының танып ал,
Өзіндік қол таңбасын.



Енді саған аманат



-Қожа, молда сөздері,
Ұшырап заман көріне.
Көнерген сөз боп аталған,
Ораза, намаз бәрі де.
Орын ап осы қатардан,
Бақсы, балгер, тәуіптер,
Тілдік қордан «ығысқан»,
Дін-апиын қауып дер
Кезең өтті
Туысқан –
Деген сөзін Кәридің
Ұйып тыңдап жамағат.
Көзіне кейісі жас алған...
Етеді саған аманат,
Сөздерді қайта «жасарған».

Сырғанақ

Әні Н. Дүкенбайдікі

1
Айдын мұзда жарыстық,
Конькименен сырғанап
Ізімізден қар ұшып,
Қызық болды бір ғажап.

Қайырмасы: (2 рет)
Сырғанақ, сырғанақ,
Ата-анамыз тұр қарап.
Құлын-тайдай жарысу,
Қызық екен бір ғажап.





2

Бірде озып, бірде қап,
Қолдан бермей намысты.
Құстай ұштық сырғанап,
Думандатып жарысты.

Қайырмасы: (2 рет)

Сырғанақ, сырғанақ,
Ата-анамыз тұр қарап.
Құлын-тайдай жарысу,
Қызық екен бір ғажап.

1. Ән-ден мұнда жарыстық, қоянқимпан сырғанақ,
Ішімізден қар ұштық, қымыз бөзін бір ғажап,
Сырғанақ, сырғанақ, ата-анамыз тұр қарап,
Құлын тайдай жарысу, қызық екен бір ғажап.





Құлыншағым

Әні. Асан Әбдікәрімовтікі

Күлдір, күлдір кісінеп,
Құлыншағым кішірек.
Тұяғынан шаң борап, шаң борап,
Тұлпарды еске түсірер.
Әйт, шу! Тұлпарым,
Құлыншағым, сұңқарым!
(Соңғы екі жол қара сөзбен айтылады)

Қайырмасы:

Ді-ді-гі, дің-ді-гі,
Дің-ді-гі, дің-ді-гі,
Ді-гі-дік, ді-гі-дік,
Ді-гі-дік, ді-гі-дік,
Ді-гі-дік, ді-гі-дік,
Ді-гі-дік, ді-гі-дік,

Аунап-аунап алады,
Ойнақ салып барады.
Ағызып кеп жалғ беріп,
Үркітеді, үркітеді,
Үркітеді тананы.

Көкке шаншып құйрығын,
Өрге қосып ылдиын
Бір талмайтын самғаудан, самғаудан,
Құстай ұшқан жүйрігім
Әйт, шу! Жүйрігім,
Құлыншағым, серігім!





Қайырмасы:

Алда бөйге аламан,
Мейіздей боп жараған.
Құлыншағым, тұлпарым, тұлпарым!
Өзің жайлы салам ән
Әйт, шу! Құлыным,
Құлыншағым тұлымым!

Қайырмасы:

Әйт, шу! Тұлпарым,
Құлыншағым, сұңқарым.
(Соңғы екі жол қара сөзбен айтылады)
Ді-гі-дік, ді-гі-дік,
Ді-гі-дік, ді-гі-дік,
Ді-гі-дік, ді-гі-дік,
Ді-гі-дік, ді-гі-дік, тұлпарым!





«Ж» әрпінен басталып,
«а» әрпінен бітеді.
Мұсылмандар сол күннен,
Бір жақсылық күтеді.
Бұл қай күн?

(Жұма)

Саған сынақ қылайын,
Білімді сынайын.
Айтшы, қалай атайды,
Жердегі үйін Құдайдың?

(Мешіт)

Жоқ сөзді тап

Жайнамазға жайғасып,
Атам тартады.
Ал, Динара тартып,
Тамсандырды баршаны.

(Таспик, күй)

Ұйкасын ізде

Атам, әжем құлшынып,
Жасай берсе
Құдай өзі жарылғап,
Гүл жайнамақ

(Құлшылық, тіршілік)



МАЗМҰНЫ

Тұған жер

Ақбет	4
Сабындыкөл	4
Қарақуыс	5
Қаныш Сәтбаев	6
Павлодар	6
Көмірден тау тұрғызған	7

Аңыздар, ертегілер

Ақ әжелер	10
Мыстан кемпір	11
Жасыбай батыр	12
Таңбалы тас үнгір	18
«Бөріқұлаған»	23
Содыр шал, Алшын, Көк бөрі	29

Балаларға базарлық

Күз	38
Шың басында	38
Атам бұған қуанды	39
Атаңды өттең, көрмедің	39
Үндемедім тырс етіп	40
Қара тай	41
Жел	41
Сөйлемдер бұл сұраулы	41
Көкейінде сақтап өс	42
Тыныс белгілері	42
Бізге ғана тән дыбыстар	42
Септеу	44

Суалмасын қайнары	45
Айналды шын досыма	47
Сөз табы	47
Енді саған аманат	51
Сырғанақ	51
Құлыншағым	53
Жұмбақтар	55
Жоқ сөзді тап	56
Ұйқасын ізде	56

Сүлеймен Баязитов
ЖАСЫБАЙ БАТЫР

Редакторы С.М.Мұсабай
Корректоры С.С.Баязитова
Пікір жазған Ғ.Б.Мағзұмов
Компьютерде басып, терген Л.Ж.Жекенова

Басуға қол қойылған күні 27.04.2004 ж.
Пішімі 60X84/16 Баспаханалық қағаз
Шартты баспа табағы 3.48
Есептік баспа табағы 1.95
Таралымы 100 дана . Тапсырыс № 251

Павлодар ФМБО-ның кәсіпорны
637000 Павлодар қ-сы, Лермонтов к-сі, 91

